Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы *№1* *12 наурыз 2020 жыл*

Төрағалық етті: С. Шапкенов, Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары, комиссия төрағасы.

Қатысқандар: комиссия мүшелері (тізім бойынша).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Атырау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі жөнінде;
2. Атырау қаласында орнатылған Х.Доспанованың бюстін Құрманғазы ауданына беру туралы;
3. Д.Шығайұлының туғанына 200 жыл толуына орай монументтік белгі орнату туралы;
4. Атырау қаласында Кеңес Одағының батырлары Қ.Смағұлов пен Ә.Молдағұловаға ескерткіш пен генерал-майор Б.Саппаевқа бюст және батырлар ерлігіне монумент орнату туралы.
5. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Халық қаһарманы Х.Доспановаға арнап Құрманғазы ауданы, Хиуаз ауылына бюст орнату туралы.

Баяндамашы: М.Кипиев, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы.

Атырау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту жөнінде
(Шапкенов, Арыстанова, Қуаныш, Әлімгереев, Жылқышиев, Кипиев, Мұқтар, Харипова)

Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия мәжілісі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы М. Кипиевтің хабарламасы қаперге алынсын.

Атырау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 299 қаулысымен бекітілген жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен 13 ескерткіш (№1 қосымша) есептен шығаруға ұсынылсын.

Тарихи-мәдени сараптама негізінде алдын-ала есепке алу тізіміндегі 157 тарихи-мәдени мұра объектісіне (№2 қосымша) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беруге келісім берілсін.

Барлығы 457 нысаннан тұратын Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі (№3 қосымша) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне келісуге жолдансын.

2. Құрманғазы ауданына Атырау қаласында орнатылған Хиуаз Доспанованың бюстін беру туралы ұсынысқа бас тартылсын.

3.Дәулеткерей Шығайұлының туғанына 200 жыл толуына орай Құрманғазы ауданындағы Көнеу деген жерде монументтік белгі орнату үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияға ұсыныс жолдансын.

4. Халық қаһарманы Х.Доспановаға арнап Құрманғазы ауданы, Хиуаз ауылына бюст орнату үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияға ұсыныс жолдансын.

5. Кеңес Одағының батырлары Қайырғали Смағұлов пен Әлия Молдағұлова ескерткіш пен генерал-майор Бисен Саппаевқа бюст және батырлар ерлігіне монумент орнату туралы ұсыныстарға байланысты Атырау қаласы әкімдігіне жер телімдері мен қаржы көздерін анықтау тапсырылсын.

Комиссия төрағасы **С.Шапкенов**

Комиссия хатшысы **М.Даулетбаева**

Монументтік өнер құрылыстарын орнату
жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
ҚР Мәдениет және спорт министрлігі *№ 13* *2020 жылғы 10 тамыз*

Отырыс төрағасы: ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.М. Дәуешов

Қатысушылар: комиссия мүшелері (тізім бойынша)

Күн тәртібі: I. Монументтік өнер құрылыстарының жұмыс жобаларын қарау.
II. Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі идеялық ұсыныстарды қарау.

II. Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі ұсыныстарды қарау

(Дәуешов, Рүстембеков, Абаев, Асылханов, Мансұров, Нартов, Алпысбес)

2. Атырау облысының әкімінің орынбасары Б. Хаменованың 19.06.2020 жылғы № 25-01-3/6321 хатына сәйкес:

- Құрманғазы ауданы, Жаңаталап ауылындағы орталық саябаққа Халық қаһарманы **Хиуаз Доспановаға** бюст орнату ұсынысына қолдау көрсетілсін;
- Құрманғазы ауданы, Еңбекші ауылдық округіне қарасы Даулеткерей елді мекенінде күйші **Дәулеткерей Шығайұлына** монументтік белгі орнату ұсынысына колдау көрсетілсін.

Комиссия
төрағасының орынбасары **Н. Дәуешов**

Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін
қорғау жөніндегі комиссия мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы № 6 11 маусым 2021 жыл

Комиссия төрағасы: Атырау облысы Мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасының басшысы А.Рысқалиев

Қатысушылар: комиссия мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Атырау қаласындағы мұнайшылар аллеясына «Мұнайшылар» монументін орнату туралы ұсынысты талқылау;
2. Құрманғазы ауданына халық қаһарманы Хиуаз Доспанова мен күйші Дәулеткерей Шығайұлына арнап бюст орнату және қоғам қайраткері Мақаш Бекмұхамбетов пен күйші Дина Нұрпейісовага арнап ескерткіш орнату жөніндегі ұсынысты талқылау.
3. Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері Орынғали Қарасаевқа арнап облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату жөнінде ұсынысты қарау.
4. ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, көрнекті эпидемиолог дәрігер Тұрар Чақликовке арнап Атырау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату жөніндегі ұсынысты қарау.

Комиссия мәжілісін ашу: А. Рысқалиев, Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы;
Баяндамашы: А.Рысқалиев.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша:
(А.Рысқалиев, Г.Арыстанова, Қ.Жылқышиев, Р.Харипова, Ә.Жантасов, М.Кипиев,)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия қарап, төмендегідей ұсынымдар береді:

1. Атырау қаласындағы мұнайшылар аллеясына «Мұнайшылар» монументін орнату туралы ұсыныс қолдау тапты.
2. Құрманғазы ауданына халық қаһарманы Хиуаз Доспанова мен күйші Дәулеткерей Шығайұлына арнап бюст орнату және қоғам қайраткері Мақаш Бекмұхамбетов пен күйші Дина Нұрпейісовага арнап ескерткіш орнату жөніндегі Құрманғазы ауданының ұсынысы (аталған ескерткіштерді орнататын жер телімін анықтап берген жағдайда) қолдау тапты.
3. Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері Орынғали Қарасаевқа арнап облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату жөнінде ұсыныс қолдау тапты.
4. ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, көрнекті эпидемиолог дәрігер Тұрар Чакликовке арнап Атырау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату жөніндегі ұсыныс қолдау тапты.

Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия мәжілісі

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Атырау қаласындағы мұнайшылар аллеясына «Мұнайшылар» монументін орнату туралы ұсыныс Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі республикалық комиссияның қарауына жолдансын.

2. Құрмаңғазы ауданына халық қаһарманы Хиуаз Доспанова мен күйші Дәулеткерей Шығайұлына арнап бюст орнату және қоғам қайраткері Мақаш Бекмұхамбетов пен күйші Дина Нұрпейісоваға арнап ескерткіш орнату жөніндегі ұсыныс Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі республикалық комиссияның қарауына жолдансын.
3. Құрмаңғазы ауданының әкімдігі аталған бюст пен ескерткіштерді орнататын жер телімдерін анықтасын.
4. Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері Орынғали Қарасаевқа арнап облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату жөніндегі ұсыныс мақұлдансын.
5. ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, көрнекті эпидемиолог дәрігер Тұрар Чакликовке арнап Атырау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату жөніндегі ұсыныс мақұлдансын.

Комиссия төрағасы: **А.Рысқалиев**

Комиссия мүшелері:

Г.Арыстанова
М.Кипиев
Қ.Жылқышиев
Ә.Жантасов
Р.Харипова

Комиссия хатшысы: **М.Даулетбаева**

Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін
қорғау жөніндегі комиссия мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы № 7 10 қыркүйек 2021 жыл

Комиссия төрағасы: Атырау облысы Мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасының басшысы А.Рысқалиев

Қатысушылар: комиссия мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Атырау облысында жаңадан орнатылатын ескерткіштердің үздік жобаларын талқылау. (Мақаш Бекмұхамбетов, Дина Нұрпейісова ескерткіштері, Дәулеткерей Шығайұлы, Хиуаз Доспановаға бюсттері, Мұнайшылар монументі).
2. Жылыой ауданы, Құлсары қаласына Жанша Таңқыбаевқа ескерткіш орнату туралы ұсынысты талқылау.
3. Атақты мұнайшы, көрнекті мемлекет қайраткері Нұрлан Өтебұлы Балғымбаевқа мемориалды тақта орнату жөнінде ұсынысты қарау.

Комиссия мәжілісін ашу: Бақытгүл Қайыржанқызы Хаменова, Атырау облысы әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы;
Баяндамашы: Ақылбек Аманбайұлы Рысқалиев, Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы, комиссия төрайымының орынбасары;

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша:
(Б.Хаменова, А.Рысқалиев, Г.Арыстанова, Р.Харипова, Ә.Жантасов, М.Кипиев)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия қарап, төмендегідей ұсынымдар береді.

Бірінші мәселе бойынша:

1. Құрманғазы ауданының Құрманғазы ауылында күйші Дәулеткерей Шығайұлына арнап орнатылатын бюсттің жұмыс жобасы (050505) ескертулермен (постаментін өзгерту) мақұлдансын.
2. Құрманғазы ауданының Құрманғазы ауылында қоғам қайраткері Мақаш Бекмұхамбетовке арнап орнатылатын ескерткіштің жұмыс жобасы (376777) өзгертулермен (постаментіндегі ою-өрнекті алып тастау) мақұлдансын.
3. Құрманғазы ауданының Құрманғазы ауылында күйші Дина Нұрпейісоваға арнап орнатылатын ескерткіштің 2 жобасы (161616, 248428) өзгертулермен (161616 – жобасы бойынша бет әлпетін түзеу) мақұлдансын.
4. Құрманғазы ауданының Жаңаталап ауылында Хиуаз Доспановаға арнап орнатылатын бюсттің жұмыс жобасы (101010) өзгертулермен (бет-келбетін, шашын дұрыстау, ұшқыш екендігін білдіретін бейнесін беру) мақұлдансын.

Екінші мәселе бойынша:

Жылыой ауданы, Құлсары қаласына Жанша Таңқыбаевқа бюст орнату туралы ұсыныс пен жобасы қолдау тапты. Жылыой ауданы әкімдігі бюст орнататын жер мен қаржы мәселесін және мүсін жобасы туралы ақпаратты тез арада комиссияға ұсынсын.

Үшінші мәселе бойынша:

Атақты мұнайшы, көрнекті мемлекет қайраткері Нұрлан Өтебұлы Балғымбаевқа мемориалды тақта орнату жөнінде ұсыныс мақұлдансын.

Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия мәжілісі
ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Құрманғазы ауданында орнатылатын күйші Дәулеткерей Шығайұлына арналған бюсттің, қоғам қайраткері Мақаш Бекмұхамбетовке арнап орнатылатын ескерткіштің, күйші Дина Нұрпейісоваға арнап ескерткіштің, Халық қаһарманы Хиуаз Доспановаға арнап бюсттің мақұлданған жұмыс жобалары Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі республикалық комиссияның қарауына жолдансын.
2. Жылыой ауданы, Құлсары қаласында орнатылатын Жанша Таңқыбаевқа арналған ескерткіштің жұмыс жобасы Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі республикалық комиссияның қарауына жолдансын.
3. Атырау қаласы Азаттық көшесі 24 үйдің қабырғасына атақты мұнайшы, көрнекті мемлекет қайраткері Нұрлан Өтебұлы Балғымбаевқа арнап мемориалдық тақта орнатуға рұқсат берілсін.

Комиссия төрайымы: **Б. Хаменова**

Төрайымның орынбасары: **А. Рысқалиев**

Комиссия мүшелері: **Г.Арыстанова**
М.Кипиев
Ә.Жантасов
Р.Харипова

Комиссия хатшысы: **М.Даулетбаева**

үзінді

Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
ҚР Ұлттық академиялық кітапхана *№ 1* *2022 жылғы 12 сәуір*

Төраға: ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.Ә. Абаев

Қатысушылар: комиссия мүшелері (тізім бойынша)

Күн тәртібі:
I. Шетелде орнатылатын ескерткіштің жұмыс жобасы туралы.
II. Ескерткіштер мен бюсттердің жұмыс жобалары туралы.

II. Ескерткіштер мен бюсттердің жұмыс жобалары туралы

(Абаев, Дәуешов, Бақтияруұлы, Кәрібжанова, Абенов, Асылханов, Әлібай, Бөрібаева, Жүнісов, Исмаилов, Кәпұлы, Нартов, Смағұлов, Таймағамбетов)

1. Атырау облысы әкімінің орынбасары Н. Таушовтың 01.04.2022 жылғы № 06-01-16-03-3/2920 хатына сәйкес:

- Құрманғазы ауданы Құрманғазы ауылы Шарапат мөлтек ауданында орнатылатын қоғам қайраткері **Мақаш Бекмұхамбетов** ескерткішінің жұмыс жобасы ескертулермен (анатомиясын қайта қарау ұсынылады) мақұлдансын және оның жұмыс моделінде орындалған нұсқасын қарауға комиссия мүшелері шақырылсын;

- Құрманғазы ауданы Құрманғазы ауылындағы Тәуелсіз жастар алаңында орнатылатын күйші **Дина Нұрпейісова** ескерткішінің екі жұмыс жобаларының ішінен «161616» нұсқасы бірауыздан мақұлдансын;

- Құрманғазы ауданы Жаңаталап ауылындағы орталық саябақта орнатылатын Халық қаһарманы, ұшқыш **Хиуаз Доспанова** ескерткішінің жұмыс жобасы бірауыздан мақұлдансын.

III. Әр-түрлі

(Абаев, Дәуешов, Бақтиярұлы, Керібжанова Абенов, Асылханов, Әлібай, Берібаева, Жүнісов, Исмаилов, Кәпұлы, Нартов, Смағұлов, Таймағамбетов)

Комиссия отырысына ұсынылған жұмыстардың көркемдік сапасын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдарға:

- ескерткіштер жобаларына республикалық конкурс жариялауды қарастыру;
- комиссия отырысына әр жоба бойынша кемінде үш жобадан ұсыну;
- комиссия отырысына ұсынылған жұмыстарды қорғау мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың Мәдениет басқармасының басшысы орынбасарынан төмен емес өкілдің қатысуын қамтамасыз ету туралы ұсынымдар енгізілсін.

Комиссия төрағасы **Д. Абаев**

Комиссия хатшысы **А. Жолаев**

Монументтік өнер құрылыстарын орнату
жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
ҚР Мәдениет және спорт министрлігі *№ 13* *2020 жылғы 10 тамыз*

Отырыс төрағасы: ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.М. Дәуешов

Қатысушылар: комиссия мүшелері (тізім бойынша)

Күн тәртібі: I. Монументтік өнер құрылыстарының жұмыс жобаларын қарау.
II. Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі идеялық ұсыныстарды қарау.

II. Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі ұсыныстарды қарау

(Дәуешов, Рүстембеков, Абаев, Асылханов, Мансұров, Нартов, Алпысбес)

2. Атырау облысының әкімінің орынбасары Б. Хаменованың 19.06.2020 жылғы № 25-01-3/6321 хатына сәйкес:

- Құрманғазы ауданы, Жаңаталап ауылындағы орталық саябаққа Халық қаһарманы **Хиуаз Доспановаға** бюст орнату ұсынысына қолдау көрсетілсін;
- Құрманғазы ауданы, Еңбекші ауылдық округіне қарасы Даулеткерей елді мекенінде күйші **Дәулеткерей Шығайұлына** монументтік белгі орнату ұсынысына қолдау көрсетілсін.

Комиссия
төрағасының орынбасары **Н. Дәуешов**